

Мадиев Д.Ә.  
**Қытайдағы әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардың ауылшаруашылығы секторының даму үрдісіндегі маңызды рөлі**

Madiev D.A.  
**The main role of socio-economic programs in the agricultural sector development of China**

Мадиев Д.А.  
**Основная роль социально-экономических программ в процессе развития сельскохозяйственного сектора Китая**

Берілген мақалада Қытай Халық Республикасындағы ауылшаруашылығын дамыту барысында жасалған реформалардың өзектілігіне талдау жасалады. Реформалар барысында ауылшаруашылығын басқаруда, өнім түрлері мен көлемін арттыруда қол жеткен өзгерістер мен жетістіктер көрсетіледі. Ауылшаруашылығына қатысты өткен бүкілқытайлық кеңестегі айқындалған ауылшаруашылығын дамытудың жеті бағытының жүзеге асырылу жолдары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** ауылшаруашылығының реформасы, коммуна, нарықтық экономика, аграрлық сектор.

---

This article is made versatile analysis of the effectiveness of reforms in the agricultural development of China. There have been improvements and advances in the management of agriculture and increasing the types and volume of production. Considered the seven direction of development of agriculture, taken by the All Chinese Council for Agriculture.

**Key words:** agricultural reform, the commune, the market economy, the agricultural sector.

---

В этой статье сделан разносторонний анализ эффективности реформ в развитии сельского хозяйства КНР. Отмечаются достигнутые улучшения и достижения в управлении сельским хозяйством и увеличении видов и объемов производства. Также рассматривается семь направлений развития сельского хозяйства, принятые всекитайским советом по сельскому хозяйству.

**Ключевые слова:** сельскохозяйственная реформа, коммуна, рыночная экономика, аграрный сектор.

**ҚЫТАЙДАҒЫ  
ӘЛЕУМЕТТІК-  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ  
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ  
СЕКТОРЫНЫҢ ДАМУ  
ҮРДІСІНДЕГІ  
МАҢЫЗДЫ РӨЛІ**

Қытайдың ауылшаруашылығы секторы ел экономикасының соңғы уақытта қарқынмен дамып келе жатқан басты саласы болып табылады. Оның дамуына ел үкіметі ерекше белсенділікпен атсалысуда. Қытайдың ауылшаруашылығы саласының даму қарқыны 1978 жылғы аграрлық секторда бас-талған реформадан кейін күшейе түсті. 1978 жылы коммуна жүйесінің жойылуы, ауылшаруашылығы өндірісінің өсіміне әкелген алғашқы қолайлы қадам болды. Шаруашылық жүргізудің ұжымдық әдісінің азық-түлік өнімдерін өндіруде үлкен кемшіліктерге жол бергенін мойындаған ел үкіметі, шаруалардың қызығушылығын тудыратын реформаларды іске асыруды ұсынады: яғни, жер бұрынғысынша ұжымның иелігінде қала береді, бірақ, жекелеген отбасылары ол жерді өз қалауынша пайдаланады, жиналған өнімнің белгілі бір бөлігін ұжымға өткізгеннен кейін, қалған бөлігін еркін саудаға шығарып, өз қалауынша сата алады; шаруа қожалықтарында жалдамалы жұмыс күшін пайдалануға қойылған шектеулер жойылады; сондай-ақ, шаруаларды ынталандыру мақсатында, ауылшаруашылығы өнімдерін сатып алу бағасын арттырады. Жекешелендіру нәтижесінде, ұжым иелігіндегі жер жеке отбасыларының игеруіне бөліп беріледі. Алғашқы кезде, жер 3 жылға дейінгі уақытқа жалға беріледі, бірақ көп ұзамай, ұзақ уақыттық иелік ету жүйесі енгізіледі (50 және одан да көп жылға). Астық өнімдері мен ет өнімдерінің бағасын арттыру жөнінде жүргізілген бірқатар түзетулер, еңбек өнімділігін арттырудың ынталандырушы факторы болды. Сөйтіп, 1978 жылдан бастап, Қытайдың ауылшаруашылығы өндірісінің жылдық орташа өсімі 6,5% құрады. Реформа жүргізілген жылдары, нарықтық экономика жағдайында жерге ұжымдық иелікті сақтай отырып, ауылда шаруашылық жүргізудің жаңа тиімді формасына қол жеткізілді. Бұл реформалар елге және шаруаларға нақты жетістіктер әкелді: ауылшаруашылығының қарқындап өсуін, әсіресе, дәнді дақылдардың өндірісі мен ауыл шаруашылығы құрылымын реттеуді ынталандырды. Отбасылық шаруашылықты негізге алып жүргізілген ауылшаруашылығы реформасы көптеген аймақтарға тарады. Зерттеушілердің пайымдауынша, Қытайдағы ауылшаруашылығы реформасы 6 кезеңнен өткен:

Бірінші кезең – 1978-1984 жылдар.

Бұл кезеңде негізінен ауылдағы басқару және шаруашылық жүргізу жүйесінде реформа жүргізілді, отбасылық шаруашылық қалпына келтірілді, әрі отбасылық шаруашылық жүйесі үздіксіз зерттеліп, жетілдірілді. Шаруалардың белсенділігі мен шығармашылық күші жұмылдырылды.

Екінші кезең – 1985-1988 жылдар.

Бұл кезеңде ауылшаруашылығы өнімдерінің айналым жүйесінде реформа жасалды, ауылдағы және қаладағы реформа біріктірілді, ауылдардағы өндіріс орындары жаңа күшпен жанданды, шаруашылық жүргізудің әртүрлі әдістері дамыды, дегенмен дәнді дақылдар өндірісінде қайтадан қиыншылықтар туындады.

Үшінші кезең – 1988-1991 жылдар.

Бұл кезеңде мемлекет ауылшаруашылығын қолдауды күшейтеді, сөйтіп 1990 жылы қайтадан мол өнім алуға қол жетеді. Алайда, мемлекеттің ауылшаруашылығы өндірісінің жұмысына араласуы өндірісті тежеді, шаруалардың кірісі азайды, бірінші рет кері өсім байқалды.

Төртінші кезең – 1992-1996 жылдар.

Бұл кезеңде Дэн Сяопиннің сөзінен кейін, бүкіл экономиканың өсімі басталды, елде инвестициялар тарту жаңа қарқынмен дамыды. Дегенмен, ауылшаруашылығы өндірісіндегі өзгерістерге байланысты, астық өндіру мен қамтамасыз етуде бірқатар қиындықтар туындайды. Сондықтан, мемлекет ауылшаруашылығын күшейтуде бірқатар шаралар қабылдайды, соның арқасында, 1995 жылы астық өндірісінде өсім басталады, ал 1996 жылы бұрын болмаған бай астық жиналды (0,5 млрд. т. астам).

Бесінші кезең – 1997-2001 жылдар.

Бұл кезеңде макроэкономикалық жағдай жақсара түседі. Дегенмен, 1997 жылғы азиялық қаржы дағдарысы Қытайдың да экономикасына өз ықпалын тигізеді, экспорт азаяды, халықтың кірісі кемиді, нәтижесінде өнімге сұраныс төмендейді, сөйтіп астық сатуда жаңа мәселе туындайды. Астық сату жүйесіне реформа жасау күн тәртібіне қойылады. Сондай-ақ, күн тәртібіне ауылшаруашылығын модернизациялауды жеделдету міндеті мен өндіріс орындарының экономикалық құрылымын толассыз реттеу міндеті қойылды.

Алтыншы кезең – 2001 жылдан кейін.

БСҰ-на кіргеннен кейін, ауылшаруашылығы өніміне ел ішіндегі сұраныс бүкіләлемдік сұранысқа айналады, бұл өндірістегі жекелеген құрылымдық өзгерістерге әкеледі және ауылшаруашылығы өндірісінің технологиялық деңгейін арттыруды талап етеді [1].

Мұның бәрі Қытайдың ауылшаруашылығының одан әрі дами түсуіне жақсы негіз қалады, дегенмен, бір жолғы сәтті жүргізілген саясат барлық мәселені шеше алмайтын еді. Саланың дамуының әр кезеңінде, кездескен жаңа қиындықтарды шешудің жолын іздеуге тура келеді. 1978 жылмен салыстырғанда, 1979 – 1984 жылдар аралығында, ауылшаруашылығы өндірісінің үлесі айтарлықтай өсті. Мұндай жетістікке жетудің басты себебі, шаруалардың халық коммунасы кезіндегі тартқан азабынан құтылуы және реформа нәтижесінде еңбек өнімділігінің күрт артуы болды. Дегенмен, 1980 жылдардың ортасында, ауылшаруашылығы өндірісінде тоқырау үрдісі байқалды.

Қытай үкіметінің іске асырып жатқан бағдарламалары шаруалардың өмір сүру деңгейін жақсартуға, тиісінше бүкіл саланың жағдайын жақсартуға бағытталған. «Көкөніс себеті» секілді бағдарлама өндіріс көлемін арттыруда және өндірілетін өнім түрін көбейтуде жағдайды біршама жақсартты.

1995 жылдың басында, ауылдағы жұмыс мәселесіне арналған бүкілқытайлық кеңес өтеді, осы кеңесте ауылшаруашылығы саласындағы негізгі жеті бағыт анықталады:

- ауылдағы экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын тұрақтандыру мен жетілдіру;
- ауылшаруашылығына салынатын қаржыны арттыру;
- ауылшаруашылығы ресурстарын толық пайдалану;
- ауылшаруашылығын агротехникаға сүйене отырып дамыту;
- ауылшаруашылығы өнімінің айналым жүйесіне реформа жасау;
- ауылшаруашылығын, ауыл шаруашылығы өндірісін және тұтыну жүйесін реттеуді жалғастыру;
- ауылшаруашылығын реттеудің макроэкономикасын күшейту [2].

Реформаның негізгі мақсаты – отбасылық шаруашылық жүйесін енгізгенде, шаруашылық жүргізу мен иелік етудің әртүрлі формасы сақталғанда, сондай-ақ, ауылшаруашылығының шағын өндіріс орындарын ашқанда, аграрлық саясаттың негізгі бағыттарын сақтау. 1995 жыл аграрлық секторды экономика саласында бірінші орынға шығару міндетін іске асырудың алғашқы жылы болды. Бұл осы салаға құйылатын қаржы көлемін арттыруды қарастырады. Одан басқа, көптеген провинцияларда шаруалардың суғару жүйесінің құрылысына және басқа да жер жұмыстарына қатысуы міндеттеледі. Бидай мен

мақтаның жоғары өнімді сорттарын енгізудің көп жылдан бері жалғасқан жұмыстары алғашқы нәтижелерін бере бастайды.

Экономиканы дамытудағы жетістіктер экономикалық жағдайды тұрақтандыруға, қоғамдағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы қайшылықты қысқартуға, нарықтағы аграрлық сектордың өнімінің көбеюіне және бағалардың арзандауына ықпал етті.

Қытайда 2003 жылдан бастап, бәсекелестікке төтеп беретін өнім түрлерін өндіретін 12 салалық аймақ құрудың стратегиялық бағдарламасы шұғыл іске асырыла бастайды. Қытай мамандары бірқатар ауылшаруашылығы өнімдерін таңдап алады, олардың ішінде бидай мен жүгерінің белгілі бір түрлері, май құрамы жоғары соя, мақта, рапс, қант қамысы болады. Сүт өнімдерін көбейту жөнінде, сонымен қатар, ауылшаруашылығы өнімдерін, атап айтқанда, алма, апельсин, сиыр еті мен қой етін, балық өнімдерін экспорттау жөнінде міндеттер қойылды.

Бағдарламаның іске асырылуы ауылшаруашылығының мамандандырылуына, аграрлық сектордың даму үрдісін жылдамдатуға және шаруалардың кірісін арттыруға ықпал етеді. Бұл бағдарлама сонымен қатар, астық түрі мен өндіру жүйесін реттеу мәселесін шешеді, ол өз кезегінде сапалы өнім өндірудің кірісін арттыруға ынталандырады. Ауылшаруашылығы өнімдерінің импорты, әсіресе арзан сиыр еті, негізінен алақандай жерінен алынған өніммен күн көріп отырған шаруалар мен азын-аулақ малы бар малшыларды қиын жағдайға қалдырар еді [3].

Аграрлық секторда реформа жүргізу арқасында түгел бір саланың деңгейінің өскендігін

байқаймыз. Бағдарламаның жүзеге асырылуы тоқырау кезеңіндегі олқылықтардың орнын толтыруға мүмкіншілік береді. Ауылшаруашылығындағы реформа шаруалардың белсенділігін жұмылдырды, өндірістік күштерге еркіндік берді, ауыл экономикасына айтарлықтай өзгерістер әкелді, ол өз кезегінде бүкіл елдің экономикасына оң ықпал етті.

Ауылшаруашылығы ел экономикасының тұрақты әрі жылдам дамуының негізі болып табылады, сондықтан, осы саланы жақсартуға жұмсалған күш-жігер, өзінің жемісін түбінде бір бере бастайды. Оның нәтижесінің қандай болатыны, мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына байланысты болады. Өзгерістер енгізудің қажеттілігі мен шаруашылық жүргізудің ескі әдістерінің тиімсіздігін түсінген Қытай үкіметі, 30 жылдан бері белсенді түрде алдыңғы қатарлы әдістерді енгізуде. Мемлекет өз алдына келесі міндеттерді қояды: ауылшаруашылығы саласындағы және ауылдардағы инфрақұрылымдық құрылыстарды кеңейту, сөйтіп, ауылшаруашылығы өндірісінің қызмет ету базасын жетілдіру; шаруалардың шаруашылығынан алатын кірісінің өсімін және азық-түліктің ұсынысы мен сұранысы арасындағы ұзақ мерзімдік тепе-теңдікті қамтамасыз ету; ауылшаруашылығындағы сақтандыру жүйесін және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді әрі тиімді механизмді құру. Айтылған шаралар мамандардың пікірінше, Қытайдың ауылшаруашылығын әлдеқайда жоғары деңгейге көтеруі тиіс, сондай-ақ, көптеген әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешіп, елдің бірқалыпты дамуын қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер

- 1 Аграрная проблема Китая (конец XX – начало XXI века) / отв. ред. Л. Д. Бони [и др.]. – М.: ИДВ РАН, 2009. – 304 с.
- 2 Авдокушин, Е.Ф. Теоретические основы экономической реформы в КНР: государство и рынок / Е.Ф. Авдокушин. М., 1996. – 215 с.
- 3 Аграрная политика / А.П. Зинченко, В.И. Назаренко, В.В. Шайкин и др.; под ред. А.П. Зинченко. – М.: КолосС, 2004.
- 4 Беспашотный, Г.В. Государственная поддержка сельского хозяйства (анализ действующей системы и обоснование ее изменений) / Г.В. Беспашотный, Н.Г. Барышников, Л.А. Кошолкина; РАСХН, ВНИЭТУСХ. – М., 2006. – 177 с.

#### References

- 1 Agrarnaja problema Kitaja (konec XX – nachalo XXI veka) / Otv. red. L. D. Boni [i dr.]. – M.: IDV RAN, 2009. – 304 s.
- 2 Avdokushin, E.F. Teoreticheskie osnovy jekonomicheskoj reformy v KNR: gosudarstvo i ryнок / E.F. Avdokushin. M., 1996. – 215 s.
- 3 Agrarnaja politika / A.P. Zinchenko, V.I. Nazarenko, V.V. Shajkin i dr.; Pod red. A.P. Zinchenko. M.: KolosS, 2004.
- 4 Bepashotnyj, G.V. Gosudarstvennaja podderzhka sel'skogo hozjajstva (analiz dejstvujushhej sistemy i obosnovanie ee izmenenij) / G.V. Bepashotnyj, N.G. Baryshnikov, L.A. Kosholkina; RASHN, VNIJeTUSH. – M., 2006. – 177 s.